

Шымкент қ. бойынша 2026 жылғы тамыз айына арналған
консультативтік ауа райы болжамы

Орташа айлық ауа температурасы $+25,0^{\circ}\text{C}$ болады деп күтіледі, бұл норма шамасында (нормасы: $+25,8^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының түнде $+14+19^{\circ}\text{C}$ -тан $+23+28^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+28+33^{\circ}\text{C}$ -тан $+37+42^{\circ}\text{C}$ қатты ыстыққа дейін біртіндеп жоғарылауы күтіледі.

Екінші онкүндікте ауа температурасының түнде $+23+28^{\circ}\text{C}$ -тан $+15+20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+37+42^{\circ}\text{C}$ қатты ыстықтан $+29+34^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасы түнде $+20+25^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+34+39^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы күтіледі.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының түнде $+20+25^{\circ}\text{C}$ -тан $+14+19^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+34+39^{\circ}\text{C}$ -тан $+28+33^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы болжанады.

Бір айдағы жауын-шашын мөлшері норма шамасында болады деп күтіледі (нормасы: 4 мм).

Өткінші жаңбыр мен күннің күркіреуі бірінші және үшінші онкүндіктердің басында болжанады. Жылдамдығы 9-14 м/с, екпіні 15-20 м/с жел бірінші онкүндіктің басында және айдың екінші жартысында жиі күтіледі. Шаңды дауыл бірінші және екінші онкүндіктердің басында, сондай-ақ үшінші онкүндіктің басында және соңында болжанады.



Ескерту: бір айға арналған консультативтік ауа райы болжамы синоптикалық жағдайдың өзгеруіне қарай түзетіліп отырады және онкүндік болжамдармен нақтыланады.

Гидрометорталық директоры

М. Шмидт

АРҰМББ басшысы

Ж. Исабекова

